

Мерзімі өткен берешегін өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 28 маусымдағы N 305

Мемлекеттің шетел кредит берушілерінің алдындағы міндеттемелерін орындау және мерзімі өткен төлемдерге жол бермеу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шетел банкі ұсынған шоттар негізінде Түрік кредит желісі бойынша негізгі қарыз және 1 035 648 (бір миллион отыз бес мың алты жүз қырық сегіз) АҚШ доллары сомасындағы есептелген проценті, сондай-ақ 1996 жылға арналған республикалық бюджеттерге "Сыртқы экономикалық қызмет" бөлімі бойынша көзделген қаражат шегінде есептелген айып сомасы бойынша "Қазинтеркожа" БК мерзімі өткен берешегін өтесін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:
займға алғандар үшін төленген сомалардың республикалық бюджетке

сөзсіз қайтарылуы жөнінде Қазақстан Эксимбанкі, "Казинтеркожа" БК және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі арасындағы үшжақты келісім жасауды қамтамасыз етсін.

"Казинтеркожа" БК-ын банкрот деп тану үшін материалдарды Қазақстан Республикасының сот органдарына берсін.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министрдің
орынбасары